ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 23 қаңтар №6309-24-00-2/3666 іс Өскемен қаласы

Шығыс Қазақстан облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы С.Жунуспекова оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады:

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы - 6638 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесі

ЖАУАПКЕР:
Жеке кәсіпкер «Entrepreneur» басшысы Мерей Ерланұлы Молдабай

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алудың жозықсыз қатысушысы деп тану

ҚАРАР БӨЛІГІ:

Қазақстан Республикасының Азаматтық процестік кодексінің 223-226 баптарын басшылыққа алып, **сот**

ШЕШІМ ЕТТІ:

«Қазақстан Республикасы Ұлттық ұланының «Шығыс» өңірлік қолбасшылығы - 6638 әскери бөлімі» республикалық мемлекеттік мекемесінің жауапкер жеке кәсіпкер «Entrepreneur» басшысы Мерей Ерланұлы Молдабайға мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер «Entrepreneur» басшысы Мерей Ерланұлы Молдабай мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер «Entrepreneur» басшысы Мерей Ерланұлы Молдабайдан мемлекет пайдасына 1 846 (бір мың сегіз жүз қырық алты) теңге көлемінде мемлекеттік баж төлемі өндірілсін.

Жауапкерлер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес

жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз, егер жауапкерлер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және шешімнің мазмұнына әсер ете алатын пікірді, сондай-ақ дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде апелляциялық шағым берілуі, прокурор апелляциялық өтінішхат келтіруі мүмкін.

Судья С.Жунуспекова

Құжатқа қол қойылған: Жунуспекова С. С., 23.01.2025

Заңды күшіне енген күні: 04.03.2025, судья Магзумова М. С., 05.03.2025

6309-24-3-1/3838